

ТАРИХИ АНТРОПОЛОГИЯ

Менталдық тарихтың қайта өрлеуі





Кітап: Тарихи антропология
Дәріс: Менталдық тарихтың қайта өрлеуі
Дәріс авторы: Жамбыл Артықбаев

Мақсаты: «Тарихи антропология» оқу құралында қарастырылатын мәселелердің бірі тарихи антропологияның қалыптасуы барысында ментальдық тарихи зерттеулердің қайта жаңғыруы. Осы дәрісте бұл тақырыптың негізгі мәселелерін қарастырамыз.

Негізгі идеялары:

1. Ментальдық категориясы

Сәлеметсіздер ме, құрметті онлайн-көрермен. Бүгін біз белгілі Ресей антропологи М.М.Кромның «Тарихи антропология» оқу құралы (үшінші басылым, түзетілген және толықтырылған) кітабы бойынша дәрістер топтамасын жалғастырамыз. Л.Февр заманынан бастап, соңғы онжылдықтарға дейін ментальдық категориясы кең мағынада түсінілді: оған «ұжымдық түсініктер» де, эмоциялар да (мыс. Ж.Делюмонның қорқыныш туралы кітабын қараңыз), қоршаған әлемді түйсіну де, қиял да кірді; сонымен қатар, ментальдық әдетте, «ұжымдық бейсаналы» (Ф.Арьес) немесе толықтай саналы емес, рефлексстен пайда болмаған (А.Я.Гуревич) сана стереотиптерімен теңестіріліп келді. Бұған дейін айтылғандай, 70 жылдардың ортасында К.Гинзбург оның қарапайым адамдардың ақыл-парасатын төмендететіні мен бұл категорияның біртекті тапсыз сипатын көрсете отырып, ментальдық теориясын қатты сынға алды. 80 жылдары сыншылар қатары әлдеқайда көбейді: соның ішінде, П.Берк ментальдық тарихшыларының кескіндеуіндегі бұқаралық сананың жасанды біртектілігі мен тұрақтылығына мән берді. Ален Буро ментальдық тарихының психологиялық болжамын сынай келе, оларды зерттеудің «шектеулі» тұжырымын ұсынды. Ақырында, Ж.Ле Гофф жоғарыда дәйексөз келтірілген 1991 жылғы сұқбатында ментальдық тарихын иеология, қиял және құндылықтар тарихымен «толықтыру» туралы ой айтты, оның санамалап шыққан категориялары ментальдық аясына кірмейтін сияқты. Бұл сала аясының тарылып немесе шектеліп отырғаны анық көрініп тұр.

Осылайша, ментальдық пен тарихи антропология тарихының ара жігін ашу логико-семантикалық критерийлер бойынша жүзеге аспады, тек бірқатар заманауи тарихнамалық үрдісінің көрінісі болды. Бұл үрдістерді тарих ғылымындағы дараландыру тәсілінің күшеюімен және ментальдық тарихи сияқты анықтаушыларға басым назар аударудан бас тартумен байланыстыруға болады, бұл үрдістер туралы кітаптың басында сөз қозғалды.

2. Ментальдық тарихи мен тарихи антропология

Ментальдық тарихи мен тарихи антропологияның ара салмағына қатысты А.Я.Гуревич пен оның француз әріптестері арасындағы пікір қайшылығына қайта орала отырып, бұл келіспеушіліктің қалай болғанда да бір бағыт шеңберінде қалып қоятынын және оны әсірелеудің қажеті жоқ екенін атап өткен абзал. Ле Гофф пен Бюргьер сияқты, А.Я.Гуревич тарихи антропологияны кең мағынада, бүкіл тарихи ғылымның жаңғыру бағдарламасы ретінде түсінеді. Ол сондай-ақ француз әріптестерінің уақыттың «үлкен ұзақтығына» байланысты қызығушылығын да құптайды, өйткені біз білетініміздей әлем бейнесі дәл осы уақыт категориясына тиесілі. Ал А.Я.Гуревичтің түсінігінше сол әлем бейнесін қайта қалпына келтіру - тарихи антропологияның басты міндеті.

П.Берктің «Историческая антропология Италии начала Нового времени» (1987) атты кітабында бұл ғылыми бағыт мүлде басқаша тұрғыда қарастырылады. Автор бірінші тарауда тарихи антропологияның нені білдіретінін түсіндіреді. Бұл термин қолданысқа соңғы он жыл ішінде енді және К.Гинзбург, Э.Ле Руа Ладюри, К.Томас және басқа да бірқатар авторлар еңбектеріне қатысты қолданылады. Бұл бағыттың тұтастығы мен бірлігін әсіре бағалауға тарыспастан, П.Берк, әйтсе де, зерттеу тәжірибесінің әртүрлілігіне қарамастан, «тарихи антропология» термині қалай болғанда да тарихқа белгілі бір көзқарасты білдіреді деп есептейді. Оның ойынша, мынадай сипаттық белгілер бұл көзқарасты әлеуметтік тарихтың басқа түрлерінен ерекшелейді.

Біріншіден, сандық мәліметтер негізіндегі жалпы үрдістерді сипаттауға арналған әлеуметтік тарих тақырыбындағы көптеген еңбектерден айырмашылығы, тарихи антропология айтарлықтай сапалы және ерекше жайттарға назар аудартады. Екіншіден, тарихи-антропологиялық зерттеулер авторлары зерттеу аясы ретінде миллиондаған адамдардың тағдырын емес, керісінше, Э.Ле Руа Ладюри кітабында суреттелгендей, Монтайю ауылы сияқты шағын қауымдастықтарды алады. Мұндай «ұсақтық» зерттеуді «анағұрлым терең, мейлінше әсерлі және өміршең» ете түсу үшін қажет. Үшіншіден, ұзақмерзімді үрдістер



Кітап: Тарихи антропология
Дәріс: Менталдық тарихтың қайта өрлеуі
Дәріс авторы: Жамбыл Артықбаев

негізіндегі себептік түсіндірмелердің орнына (замандастары түсінбеуі мүмкін себептер және ондайлар бар екенінен хабарсыз үрдістер) - тарихшы-антропологтар, К.Гирц «қанық бейнелеу» (thick description) деп атаған нәрсеге, яғни «аталған қоғамдағы нормалар термині мен сол қоғам категорияларының әлеуметтік өзара ықпалдастығы түсіндірмесіне жүгіреді» деп түсіндіреді Берк. Төртіншіден, антропологиялық бағыт тарихшылары күнделікті өмір рәміздеріне: тұрмыстық рәсімдерге, күнделікті машақатқа, киіну мәнеріне, тамақтануға, бір-бірімен қарым-қатынасқа, ишараларға, т.б. көп көңіл бөледі. Ақырында, бесіншіден, әртүрлі теориялық бастаулар көрініс береді: егер әлеуметтік тарих мамандары тікелей немесе жанама түрде Карл Маркс және Карл Вебер теорияларымен рухтанса, тарихшы-антропологтар үшін олардың ұлы дәстүрі Эмиль Дюркгейм мен А. ван Геннептен бастап, Марсель Моссқа және ары қарай К.Гирц, В.Теннер және П.Бурдье сияқты бүгінгі тұлғаларға жалғасады.

Біздің алдымыздағы мүлде басқа тарихнамалық дәстүр: мұнда тарихи антропология мен ментальдық тарихының өзара қатынасы туралы мәселе тіпті туындамайды. Ментальдық Берк кітабында жиі сөз болмайды да. Есесіне тарихи зерттеудегі микро және макро тәсілдер мәселесі мейлінше өзекті. Британ тарихшысы макроскопиялық тәсілді жоққа шығарайын деген ойы жоқ екенін айтады: бұл екі тәсіл бірін-бірі толықтырады; тақырыптағы «тарихи антропология» термині дәстүрлі «әлеуметтік» және «мәдени» тарих қиылысындағы және кітапта талқыланып отырған мәселелерді микротәсіл аясында зерттеуді жеңілдірек ететінін көрсетеді.

Тарихи антропологияның екі бағдарламасы

Сонымен, бүгінде ғылымда тарихи антропологияның кем дегенде екі бағдарламасы немесе екі түсіндірмесі бар деуге болады. Оның бірі - «Анналар» мектебі дәстүрімен байланысты (бұл жерде әңгіме тек француз тарихшылары жөнінде ғана емес, сондай-ақ олардың басқа елдердегі пікірлестері туралы да болып отыр); оған тарихи антропологияны тұтастай алғанда «жаңа тарихи ғылым» ретінде, ал оның зерттейтін нысанын өте табанды, ұзақ уақыттан бері келе жатқан күнделікті өмір құрылымдары түрінде қарастыру тән. П.Берк тарихи антропологияны түсінудің басқа нұсқасын ұсынады. Микротарихты жақтаушы италиялықтар (К.Гинзбург, Дж.Леви және т.б), бірқатар америкалықтар (Н.З.Дэвис, Д.У.Сэбиан) және германиялық зерттеушілер (Х.Медик, Ю.Шлюмбом) шамамен осындай көзқарасты ұстанады. Бұл нұсқада тарихи антропология тек әлеуметтік (әлеуметтік мәдени) тарихтың тек бір бағыты іспетті көрінеді, ал зерттеу құралы ретінде табанды түрде «әлеуметтік микроскоп» ұсынылады. Алайда, тарихи антропологияның екі түсіндірмесіне де тән бірқатар сипатты айшықтауға тырысып көруге болады: осылайша, біз жаңа ғылыми бағыттың мағыналық өзегіне, мәніне жақындауымыз мүмкін. Ең алдымен, бұл бағытты жақтаушылар тарихи антропологияның пәнаралық сипатына, оның әлеуметтік ғылымдармен, бәрінен бұрын, этнологиямен өзара жемісті әрекетіне қатысты мәселеде бірауызды. Олардың барлығы өткен дәуірлердің әртүрлілігін және олардың біздің заманымызда да бір-біріне ұқсамайтынын ашып көрсету тарихи антропологияның маңызды міндеті деп біледі. Өзгенің бейнесі - этнологтарға да, антропологиялық бағыттағы тарихшыларға да бірдей жақын тақырып. Тарихшылар еңбектерінде жиі келтірілетін америкалық этнолог К.Гирцтің айтуынша, «этнографияның міндеті - ... шын мәнісінде, біздің назарымызды (өнермен және тарихпен қатар) өзге жағдайларға да назар аудартуға мүмкіндік беретін сипаттамалар жасау». Әрі қарай ол былай жалғастырады: «Айырмашылықтар туралы түсінік қалыптастыру (бұл арада жаңа айырмашылықтар жасап шығару емес, нақты бар айырмашылықтарды табу меңзелген) - бәріміз мұқтаж болып отырған ғылым».

Ақырында, түрлі елдер ғалымдарының ортақ пікіріне сәйкес, тарихи антропологияда қарастырылатын мәселелер саласы өзіндік ерекшелікке ие: бұл бағыт тарихшылары күнделікті өмір рәміздеріне, мінез-құлыққа, әдеттер мен ым-ишараларға, салт-жоралар мен рәсімдерге ерекше көңіл бөледі.

Негізгі терминдер:

антропология, тарихи антропология, мәдени антропология, әлеуметтік антропология, физикалық антропология, «Анналар» мектебі, саяси антропология, әскери-тарихи антропология, ауызша тарих, күнделікті өмір сүру салты тарихы, әлеуметтік ғылымдар, қоғамдық ғылымдар, микротарих, француз тарихнамасы, ментальдық тарихы, заманауи тарихи ғылым, гуманитарлық білімдер



Кітап: Тарихи антропология
Дәріс: Менталдық тарихтың қайта өрлеуі
Дәріс авторы: Жамбыл Артықбаев

Қосымша әдебиет:

1. Артықбаев Ж.О. Тарих философиясынан лекциялар. Бірінші бөлім. Алматы, 2019.
2. Блок М. Апология истории или ремесло историка. /Перевод Е.М. Лысенко. Примечания А.Я.Гуревича. - М., 1973.
3. Бродель Ф. Структуры повседневности: возможное и невозможное //Материальная цивилизация, экономика и капитализм XV-XVIII вв. /Перевод Л.Е. Куббеля. Вступит. статья и ред. Ф.Н.Афанасьев. – Т.1. - М., 1986.
4. Вундт Вильгельм. Социальные законы // Философия истории: Антология. Сост., ред. и вступ. ст. Ю.А.Кимелева. - М., 1995.
5. Вебер А. Избранное. Кризис европейской культуры. - СПб., 1998.
6. Время мира. Альманах. Вып.1-2. Структуры истории. Под. Ред. Н.С.Розова. Новосибирск, 2001
7. Кочевники. Эстетика: Познание мира традиционным казахским искусством. - Алматы, 1993.
8. Хейзинга Й. Homo Ludens. Статьи по истории культуры/ Пер., сост. и вступит. статья Д.В.Сильвестрова. Коммент. Д.Э.Харитонова. - М., 1997.
9. Ясперс К. Смысл и назначение истории. /Пер с нем./ /Мыслители XXв./ - М., 1991.
10. Vansina J. Oral Tradition. A Study in historikal metodology. Chicaqo, 1965.



Кітап: Тарихи антропология
Дәріс: Менталдық тарихтың қайта өрлеуі
Дәріс авторы: Жамбыл Артықбаев
